

«С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жасөспірімдер арасында зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу жұмысы
бойынша білім алушылар және ата-аналармен кездесу

Хаттамасы

Жуантөбе ауылы

16.02.2024 жыл

Іс-шара өткен орын: С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің Акт залы
Жиналыс төрайымы: С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің директоры
Б.Сейтқазиева

Қатысқандар: Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
А.Бейсенбиев, А.Ерубаяев, мектептің әлеуметтік педагогы Ғ.Сағындықова, мектептің
психологтары Г.Алтаева, А.Жақсыбаева, учаскелік полиция капитаны Д.Уәли, мектептің
камқоршылық кеңес төрайымы Р.Бейсенбиева, кеңес мүшелері, ата-аналар комитетінің
төрағасы А.Сәрсен, аға-ауыл төбе биі А.Тайбек, аға әкелер мектебінің төрағасы
М.Қосдәулетов және жоғарғы сынып білім алушыларының ата-аналары. Барлығы: 68 адам
Хатшы: Д.Әділова.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жасөспірімдер арасында вейп-шылымдар мен электронды сигареталарды және басқа да зиянды заттарды пайдаланудың зияны, оның алдын алу жұмыстары туралы білім алушылар және ата-аналармен жүйелі ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу мәселесі.
2. Ағымдағы мәселе.

ТЫҢДАЛДЫ:

Іс-шараны мектеп директоры **Б.Сейтқазиева** алғы сөзбен ашып беріп, қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті.

Алғашқы болып сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Бейсенбиев** өз сөзінде бүгінгі күні білім алушылар арасында өзекті мәселе болып отырған электронды темекіні пайдалану фактілері, оның ауқымы мен зияны туралы арнайы бейнероликтер көрсете отырып таныстырып, айтып өтті. Роликте бүгінгі күні елімізде жасөспірімдер арасында бір реттік вейп «эпидемиясы» белең алып отырғаны, дүкен сөрелерінен шылым кетіп, орнын арнайы сұйықтықты толтыруды, қайта қуаттандыруды қажет етпейтін құрамында никотині темекіден 2,5 есе жоғары, бір реттік вейп алмастырғаны, еліміздің ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының зерттеулік мәліметтері, электронды темекіні пайдаланудың зиянды жақтары, сол өнімді пайдаланған науқастардың, сол науқастарды емдеген дәрігерлердің кеңестері көрсетілді.

Келесі болып сөз алған мектептің әлеуметтік педагогы **Ғ.Сағындықова** өз кезегінде мемлекет басшысы қол қойған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 110-бабында көрсетілген темекі өнімін сатуға жасқа байланысты шектеулер, жалпы темекі өнімінің сатылу ережесі мен электронды және бір реттік темекілерді сатуға тыйым салған дүниежүзі мемлекеттерінің саны мен арнайы шара қабылдаған мемлекеттердің санын атап өтіп, елімізге Қытай мемлекетінен ешбір сертификатсыз, шектенусіз мөлшерде ағылып келіп жатқанын, осы өнім мен құралдардың құрамы әлі күнге дейін анықталмағанын, нақты зерттеулер жасалмағанын, өз кезегінде бөл өнімдердің құрамында химиялық заттар, ауыр металдар мен никотиндер

жасөспірімдердің ағзасын біртіндеп улап, өкпені қабындырып, кейіннен бауыр, бүйрек пен асқазан зақымдайтынын, сондай-ақ, ағзасы толық жетіліп болмаған балалардың жүйке жүйесіне кері әсерін тигізетінін де айтып өтті.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ерубасаров қатысушыларға сонымен қатар «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» бірнеше министрлікпен келісіліп бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығымен таныстырып өтіп, тізімде аталған тыйым салынған заттарды мектеп қабырғасына әкелуге болмайтынын, сондай-ақ соңғы кезде бірнеше мемлекеттерде орын алған, аяғы балалар өлімімен аяқталған мылтық, басқа да суық қаруын қолдану фактісімен болған қайғылы жағдайларды мысалы келтіре отырып айтып өтті. Сонымен қатар соңғы кездері білім ошағында білім алушылар арасында мектеп формасына қатысты мектеп Ережесінің бұзылуы жиілеп кеткенін баса айтты. Білім алушыларды тәртіпке келуге, мектеп қабырғасында қымбат ұялы телефон-смартфондар ұстамауға шақырды.

Іс-шара соңында мектеп психологы Г.Алтаева жоғарғы сынып білім алушыларына «Алкоголь несімен зиян, несімен қауіпті» атты баяндамасында алкогольдік ішімдіктің зияны, оның адам өміріне қауіп, отбасылық тәрбиеге кері әсері туралы айтып, баяндап өтті.

ШЕШІМ:

1. Білім алушылар және ата-аналар мен электронды шылымдар мен басқа да зиянды заттарды пайдаланудың зияны, салдары туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілері тарапынан оқу жылы бойы үздіксіз жүргізілсін.
2. Қажеттілікке қарай кешенді жүйелі ақпараттық түсіндірме жұмыстарына арнайы сала мамандары шақырылсын.

Жиналыс төрайымы:



Б.Сейтқазиева

Хатшы:



Д.Әділова







